

2020 - 2022 жылдарға арналған Аққайың ауданының бюджетін бекіту туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы мәслихатының 2019 жылғы 25 желтоқсандағы № 35-1 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 30 желтоқсанда № 5770 болып тіркелді.

Ескерту. 01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі - осы шешімінің 15-тармағымен.

Қазақстан Республикасы 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 75-бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. 2020-2022 жылдарға арналған Аққайың ауданының бюджеті осы шешімге тиісінше 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2020 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

- 1) кірістер – 5989090,2 мың теңге:
 - салықтық түсімдер – 522262,5 мың теңге;
 - салықтық емес түсімдер - 5614 мың теңге;
 - негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 7662 мың теңге;
 - трансферттер түсімі – 5453551,7 мың теңге;
- 2) шығындар – 6066281,4 мың теңге;
- 3) таза бюджеттік кредиттеу – 984350,7 мың теңге:
 - бюджеттік кредиттер – 999856,9 теңге;
 - бюджеттік кредиттерді өтеу – 15506,2 мың теңге;
- 4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо - 0 мың теңге:
 - қаржы активтерін сатып алу - 0 мың теңге;
 - мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер - 0 мың теңге;
- 5) бюджет тапшылығы (профициті) - - 1061541,9 мың теңге;
- б) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 1061541,9 мың теңге:
 - қарыздар түсімі – 999856,9 мың теңге;
 - қарыздарды өтеу – 15506,2 мың теңге;
 - бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 77191,2 мың теңге.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы мәслихатының 15.10.2020 № 42-1 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы мәслихатының 25.11.2020 № 43-1 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

2. 2020 жылға арналған аудан бюджетінің кірістері Қазақстан Республикасы Бюджет кодексіне сәйкес мына салықтық түсімдер есебінен қалыптастырылатыны белгіленсін:

1) аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің аумағында мемлекеттік кіріс органында тіркеу есебіне қою кезінде мәлімделген:

дара кәсіпкер, жеке нотариус, жеке сот орындаушысы, адвокат, кәсіпқой медиатор үшін – тұрған жері;

қалған жеке тұлғалар үшін – тұрғылықты жері орналасқан жеке тұлғалар дербес салық салуға жататын кірістер бойынша жеке табыс салығын қоспағанда, облыстық мәслихат белгілеген кірістерді бөлу нормативтері бойынша жеке табыс салығы;

2) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес бірыңғай жиынтық төлемді төлеген жеке тұлғалардан облыстық мәслихат белгілеген кірістерді бөлу нормативтері бойынша алынатын жеке табыс салығы;

3) облыстық мәслихат белгілеген кірістерді бөлу нормативтері бойынша әлеуметтік салық;

4) аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің аумағындағы осы салықты салу объектілері бойынша жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салықты қоспағанда, жеке және заңды тұлғалардың, дара кәсіпкерлердің мүлкіне салынатын салық;

5) аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің аумағындағы жер учаскелеріне жеке және заңды тұлғалардан алынатын, елді мекендер жерлеріне салынатын жер салығын қоспағанда, жер салығы;

6) бірыңғай жер салығы;

7) мыналардан:

тұрғылықты жері аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің аумағындағы жеке тұлғалардан;

өздерінің құрылтай құжаттарында көрсетілетін тұрған жері аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің аумағында орналасқан заңды тұлғалардан алынатын көлік құралдары салығын қоспағанда, көлік құралдары салығы;

8) тіркелген салық;

9) бензинге (авиациялық бензинді қоспағанда) және дизель отынына акциздер;

10) жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақы;

11) қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым;

12) қызметтің жекелеген түрлерімен айналысуға лицензияларды пайдаланғаны үшін төлемақы;

13) коммерциялық ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін қоспағанда, заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркегені және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркегені, сондай-ақ оларды қайта тіркегені үшін алым;

14) көлік құралдарын мемлекеттік тіркегені, сондай-ақ қайта тіркегені үшін алым;

15) жылжымалы мүлік кепілін және кемеңің немесе жасалып жатқан кемеңің ипотекасын мемлекеттік тіркегені үшін алым;

16) сыртқы (көрнекі) жарнаманы облыстық маңызы бар қаладағы үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, облыстық маңызы бар қаланың аумағы арқылы өтетін жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде орналастырғаны үшін төлемақы;

17) республикалық бюджет есебіне жазылатын консулдық алымнан және мемлекеттік баждардан басқа, мемлекеттік баж.

3. Аудан бюджетінің кірістері мына салықтық емес түсімдер есебінен қалыптастырылатыны белгіленсін:

1) коммуналдық меншіктен түсетін кірістер:

аудан әкімдігінің шешімі бойынша құрылған коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері;

ауданның коммуналдық меншігіндегі акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтер;

ауданның коммуналдық меншігіндегі заңды тұлғаларға қатысу үлестеріне кірістер;

аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдерінің басқаруындағы, ауданның коммуналдық меншігінің мүлкін жалға беруден түсетін кірістерді қоспағанда, ауданның коммуналдық меншігінің мүлкін жалға беруден түсетін кірістер;

аудандық бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар;

ауданның коммуналдық меншігінен түсетін басқа да кірістер;

2) аудандық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер;

3) аудандық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері;

4) аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдері салатын айыппұлдарды қоспағанда, аудандық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар;

5) аудандық бюджетке түсетін басқа да салықтық емес түсімдер.

4. Аудан бюджетінің кірісі мынадай негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер есебінен қалыптастырылатыны белгіленсін:

1) аудандық бюджеттен қаржыландырылатын, мемлекеттік мекемелерге бекітіп берілген мемлекеттік мүлікті сатудан түсетін ақша;

2) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін қоспағанда, жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер;

3) жер учаскелерін жалға беру құқығын сатқаны үшін төлемақы.

5. Облыстық бюджетінен аудан бюджетіне берілетін сомасы 3266351 мың теңге бюджеттік субвенция белгіленсін.

6. Аудандық бюджеттен берілген кредиттерді өтеуден, ауданның коммуналдық меншігіндегі мемлекеттің қаржы активтерін сатудан, ауданның жергілікті атқарушы органының қарыздарын өтеуден түсетін түсімдер аудандық бюджеттің есебіне жатқызылады.

7. Бюджеттің төртінші деңгейдегі бюджеттік субвенция 401327 мың теңге сомада 4 қосымшаға сәйкес белгіленсін.

8. 2020 жылға арналған аудан бюджетінде республикалық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттер түсімдері ескерілсін, оның ішінде:

- 1) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек төлеуге;
- 2) Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсартуға;
- 3) еңбек нарығын дамытуға;
- 4) халықты әлеуметтік қорғау мемлекеттік ұйымдарында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін қызметкерлердің жалақысына қосымша ақы белгілеуге;
- 5) мектепке дейінгі білім беру мемлекеттік ұйымдары педагогтарының еңбекақысын ұлғайтуға;
- 6) мектепке дейінгі білім беру мемлекеттік ұйымдарының педагогтарына біліктілік санаты үшін қосымша ақы төлеуге;
- 7) орта білім беру мемлекеттік ұйымдары педагогтарының еңбекақысын ұлғайтуға;
- 8) орта білім беру мемлекеттік ұйымдарының педагогтарына біліктілік санаты үшін қосымша ақы төлеуге;
- 9) мәдениет ұйымдары мен архив мекемелеріндегі ерекше еңбек жағдайлары үшін мемлекеттік мәдениет ұйымдары мен архив мекемелерінің басқарушы және негізгі персоналына лауазымдық жалақыға қосымша ақы белгілеуге;
- 10) мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыруға;
- 11) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 13 қарашадағы № 746 "Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы" қаулысымен бекітілген нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жұмыс күші артық өңірлерден қоныстанғандар үшін тұрғын үйді сатып алуға;
- 12) Булаев топтық су құбырына қосылған, елді мекендердегі сумен жабдықтау және су бұру тарату жүйелерін реконструкциялауға (Аққайың ауданының Қиялы ауылы, Токшын ауылы).

Аталған республикалық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттерді бөлу Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімдігінің "2020-2022 жылдарға

арналған Аққайың ауданы бюджеті туралы" Аққайың ауданы мәслихатының шешімін іске асыру туралы" қаулысымен айқындалады.

9. 2020 жылға арналған аудан бюджетінде облыстық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттер түсімдері ескерілсін, оның ішінде:

1) Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 75-жылдығына арналған мерекелік іс-шараларды өткізуге;

2) Булаев топтық су құбырына қосылған, елді мекендердегі сумен жабдықтау және су бұру тарату жүйелерін реконструкциялауға (Аққайың ауданының Қиялы ауылы, Тоқшын ауылы);

3) сумен жабдықтау желілерін ағымдағы жөндеуге (Аққайың ауданының Камышлово ауылы, Смирново ауылы);

4) электрмен жабдықтаудың сыртқы желілерін салуға (Аққайың ауданының Тоқшын ауылы);

5) кентішілік жолдарды орташа жөндеуге (Аққайың ауданының Смирново ауылы);

6) білім беру объектілерін бейнебақылау жүйелерімен қамтамасыз етуге;

7) оқулықтарды сатып алуға және жеткізуге;

8) білім беру объектілерін күрделі және ағымдағы жөндеуге;

9) аудан мектептеріне автокөлік сатып алуға;

10) мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлеріне ұзақтығы күнтізбелік қырық екі күн жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысын елу алты күнге дейін ұлғайтуға;

11) білім беру ұйымының оқу бағдарламаларын іске асыратын бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беру жұмысының мазмұнын жаңарту жағдайында білім беретін мұғалімдерге қосымша ақы төлеуге;

12) мектептердің педагог-психологтарының лауазымдық айлықақыларының мөлшерін ұлғайтуға;

13) жаратылыстану-математикалық цикл пәндерін ағылшын тілінде оқытқаны үшін қосымша ақы төлеуге;

14) магистр дәрежесі бар мұғалімдерге қосымша ақы төлеуге;

15) жас мұғалімдерге тәлімгерлік үшін мұғалімдерге қосымша ақы төлеуге;

16) бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беру ұйымдарының қызметкерлеріне сынып жетекшілігі үшін қосымша ақы мөлшерін ұлғайтуға;

17) бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беру ұйымдарының қызметкерлеріне дәптерлер мен жазба жұмыстарын тексергені үшін қосымша ақының мөлшерін ұлғайтуға;

18) орта білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлеріне ұзақтығы қырық екі күнтізбелік күн жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысын елу алты күнтізбелік күнге дейін ұлғайтуға;

19) футбол алаңын жайластыруға (Аққайың ауданы Смирново ауылы);

20) аудан мектептерінің материалдық-техникалық базасын нығайтуға;

21) мәдениет объектісін күрделі және ағымдағы жөндеуге (Аққайың ауданы Смирново ауылы);

22) қатты тұрмыстық қалдықтар полигондары үшін жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеуге;

23) энзоотиялық ауруларына қарсы профилактикалық іс-шаралар өткізуге;

24) эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізуге.

Аталған облыстық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттерді бөлу Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімдігінің "2020-2022 жылдарға арналған Аққайың ауданы бюджеті туралы" Аққайың ауданы мәслихатының шешімін іске асыру туралы" қаулысымен айқындалады.

10. 2020 жылына арналған аудан жергілікті атқарушы органның резерві 7514 мың теңге сомада бекітілсін.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы мәслихатының 15.10.2020 № 42-1 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы мәслихатының 25.11.2020 № 43-1 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

11. 2020 жылға арналған бюджетті атқару барысында секвестрлеуге жатпайтын аудандық бюджеттік бағдарламалар тізбесі 5 қосымшаға сәйкес белгіленсін.

11-1. 6-қосымшаға сәйкес аудан бюджетінде қаржылық жылдың басында қалыптасқан бюджет қаражатының бос қалдықтары және 2019 жылы пайдаланылмаған (түгел пайдаланылмаған) облыстық және республикалық бюджеттен, оның ішінде Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілген нысаналы трансферттер есебінен шығыстары көзделсін.

Ескерту. Шешім 11-1-тармақпен толықтырылды - Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы мәслихатының 31.03.2020 № 37-1 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

12. Мерекелік күндерге және атаулы күндерге, сондай-ақ қиын өмірлік жағдай туындағанда 2020 жылғы аудан бюджетінің шығындарында әлеуметтік төлемдердің қарастырылғаны ескерілсін.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы мәслихатының 27.08.2020 № 41-1 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

13. Алып тасталды - Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы мәслихатының 25.11.2020 № 43-1 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

14. Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық елді мекендерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт саласындағы мамандарға, сондай-ақ жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын мемлекеттік ұйымдарда жұмыс істейтін аталған мамандарға қызметтің осы түрлерімен қалалық

жағдайда айналысатын мамандардың мөлшерлемелерімен салыстырғанда жиырма бес пайызға жоғарылатылған айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер көзделсін.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы мәслихатының 31.03.2020 № 37-1 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

15. Осы шешім 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы

Аққайың ауданы

мәслихатының

XXXV сессиясының торағасы

Солтүстік Қазақстан облысы

Аққайың ауданы

мәслихатының хатшысы

В.Заика

С.Муканов

Солтүстік Қазақстан облысы
Аққайың ауданы мәслихатының
2019 жылғы 25 желтоқсандағы
№ 35-1 шешіміне
1- қосымша

2020 жылға арналған Аққайың ауданының бюджеті

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы мәслихатының 15.10.2020 № 42-1 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы мәслихатының 25.11.2020 № 43-1 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	Сомасы, мың теңге
			1) Кірістер	5989090,2
1			Салықтық түсімдер	522262,5
	03		Әлеуметтік салық	185443,5
		1	Әлеуметтік салық	185443,5
	04		Меншікке салынатын салықтар	264165
		1	Мүлікке салынатын салықтар	262868
		5	Бірыңғай жер салығы	1297
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	69157
		2	Акциздер	2347
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	60814
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	5996
	08		Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе	3497

			лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	
		1	Мемлекеттік баж	3497
2			Салықтық емес түсімдер	5614
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	3489
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	3471
		7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	18
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	2125
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	2125
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	7662
	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	7662
		1	Жерді сату	7662
4			Трансферттердің түсімдері	5453551,7
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	5453551,7
		2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	5453551,7
Функцио-налдық топ	Бюд-жеттік бағдар-лама-лардың әкімшісі	Бағдар-лама	Атауы	Сомасы, мың теңге
			2) Шығындар	6066281,4
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	302947,8
	112		Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	42620,5
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	41198,5
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1422
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	129367,8
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	127785,7
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1582,1
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	1343,4
		003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	998,4
		010	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	345
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	71147

		001	Жергілікті деңгейде сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	43503
		113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	27644
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	58469,1
		001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясаттын қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	32739,5
		113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	25729,6
02			Қорғаныс	22125,2
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	22125,2
		005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	6251
		006	Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	250
		007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар	15624,2
03			Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	17956,8
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	17956,8
		019	Елді мекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету	17956,8
04			Білім беру	3153820,5
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	171697
		009	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	116322
		040	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	55375
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	2799290,6
		003	Жалпы білім беру	2664286,6

		006	Балаларға қосымша білім беру	126004
	465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	33183
		017	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	33183
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	158549,9
		001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	27164
		005	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін о қ у л ы қ т а р м е н оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	48860
		015	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға қамқоршыларға (қорғаншыларға) ай сайынға ақшалай қаражат төлемі	7144,9
		023	Әдістемелік жұмыс	20041
		029	Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету	31201
		067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	24139
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	100
		059	Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	100
06			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	484710,9
	451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	95013
		005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	95013
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	5229,3
		030	Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап бағу	4892,9
		032	Уақытша отбасына берілген шалғайдағы елді мекендерде тұратын мектеп жасындағы балаларды бағып-қағу	336,4

	451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	384468,6
		002	Жұмыспен қамту бағдарламасы	121903,8
		004	Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, спорт және ветеринар мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету	5129
		007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	23288,1
		010	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	830
		014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	135195
		023	Жұмыспен қамту орталықтарының қызметін қамтамасыз ету	50245
		001	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	26078
		011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	3306
		050	Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсарту	18493,7
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	1134449,2
	451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	41700
		070	Қазақстан Республикасында төтенше жағдай режимінде коммуналдық қызметтерге ақы төлеу бойынша халықтың төлемдерің өтеу	41700
	478		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	4046
		024	Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде қалалардың және ауылдық елді мекендердің объектілерін жөндеу	4046
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	20898,8

		026	Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде қалалардың және ауылдық елді мекендердің объектілерін жөндеу	20898,8
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	1067804,4
		008	Мемлекеттік тұрғын үй қорын сақтауды ұйымдастыру	10814
		013	Коммуналдық шаруашылықты дамыту	5780
		016	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесінің жұмыс істеуі	9162,3
		042	Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде қалалардың және ауылдық елді мекендердің объектілерін жөндеу және абаттандыру	32
		058	Ауылдық елді мекендердегі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту	674981,1
		098	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін сатып алу	367035
08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	206471
	478		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	40591
		009	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	40591
	465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	39375
		001	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	11532
		006	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	1000
		007	Әртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	26843
	478		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	69062
		007	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	68509

		008	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту	553
	478		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	11550
		005	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	11550
	478		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	39367
		001	Жергілікті деңгейде тілдерді және мәдениетті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	23379
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1120
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	8173
		113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	6695
	478		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	6526
		004	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	6526
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	87172,2
	474		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі	58930,5
		001	Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	40358,9
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	609,2
		005	Мал көмінділерінің (биотермиялық шұңқырлардың) жұмыс істеуін қамтамасыз ету	714
		007	Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру	2800
		008	Алып қойылатын және жойылатын ауру жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын иелеріне өтеу	185,5
		012	Ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру жөніндегі іс-шараларды өткізу	599,9
		013	Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу	13663

	463		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	14598
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	14305,4
		003	Елді мекендерді жер-шаруашылық орналастыру	81,6
		006	Аудандардың, облыстық маңызы бар, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің шекарасын белгілеу кезінде жүргізілетін жерге орналастыру	211
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	13643,7
		099	Мамандарға әлеуметтік қолдау көрсету жөніндегі шараларды іске асыру	13643,7
12			Көлік және коммуникация	171870
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	171870
		023	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	20040
		039	Әлеуметтік маңызы бар қалалық (ауылдық), қала маңындағы және ауданішілік қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдарын субсидиялау	1800
		045	Аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын және елді-мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеу	150030
13			Басқалар	45167,6
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	26454,6
		077	"Ауыл-Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым бойынша іс-шараларды іске асыру	26454,6
	469		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік бөлімі	11199
		001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	11199
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	7514
		012	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві	7514
14			Борышқа қызмет көрсету	58,2

	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	58,2
		021	Жергілікті атқарушы органдардың облыстық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	58,2
15			Трансферттер	439532
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	439532
		006	Нысаналы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) трансферттерді қайтару	14048,5
		038	Субвенциялар	401327
		054	Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен республикалық бюджеттен бөлінген пайдаланылмаған (түгел пайдаланылмаған) нысаналы трансферттердің сомасын қайтару	24156,5
			3) Таза бюджеттік кредиттеу	984350,7
			Бюджеттік кредиттер	999856,9
06			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік камсыздандыру	28508,6
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	28508,6
		088	Жұмыспен қамту жол картасы шеңберінде шараларды қаржыландыру үшін аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің бюджеттеріне кредит беру	28508,6
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	265932,6
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	203514
		026	Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде қалалардың және ауылдық елді мекендердің объектілерін жөндеу	203514
	478		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	62418,6
		024	Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде қалалардың және ауылдық елді мекендердің объектілерін жөндеу	62418,6
08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	514107,5

	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	514707,5
		021	Спорт объектілерін дамыту	514107,5
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	67791
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	67791
		018	Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін бюджеттік кредиттер	67791
12			Көлік және коммуникация	123517,2
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	123517,2
		023	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	123517,2
Санаты	Сыныбы	К і ш і сыныбы	Атауы	Сомасы, м ы ң теңге
5			Бюджеттік кредиттерді өтеу	15506,2
	01		Бюджеттік кредиттерді өтеу	15506,2
		13	Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	15506,2
			4) Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
			Қаржы активтерін сатып алу	0
6			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
	01		Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
		1	Қаржы активтерін ел ішінде сатудан түсетін түсімдер	0
			5) Бюджет тапшылығы (профициті)	- 1061541,9
			6) Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	1061541,9
7			Қарыздар түсімдері	999856,9
	01		Мемлекеттік ішкі қарыздар	999856,9
		2	Қарыз алу келісім-шарттары	999856,9
Функцио-налдық топ	Бюд-жеттік бағдар-лама-лардың әкімшісі	Бағдар-лама	Атауы	Сомасы, м ы ң теңге
16			Қарыздарды өтеу	15506,2

	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	15506,2
		005	Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу	15506,2
Санаты	Сыныбы	К і ш і сыныбы	Атауы	Сомасы, м ы ң теңге
8			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	77191,2
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары	77191,2
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	77191,2

Солтүстік Қазақстан облысы
Аққайың ауданы мәслихатының
2019 жылғы 25 желтоқсандағы
№ 35-1 шешіміне 2- қосымша

2021 жылға арналған Аққайың ауданының бюджеті

Санаты	Сыныбы	К і ш і сыныбы	Атауы	Сомасы , мың теңге
			1) Кірістер	3568720
1			Салықтық түсімдер	623982
	03		Әлеуметтік салық	232496
		1	Әлеуметтік салық	232496
	04		Меншікке салынатын салықтар	308007
		1	Мүлікке салынатын салықтар	301246
